

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

14. Collins, C. E., Duncanson, K., & Burrows, T. (2014). A systematic review investigating associations between parenting style and child feeding behaviours. *Journal of Human Nutrition and Dietetics*, 27(6), 557-568. doi:10.1111/jhn.12192.
15. Rose, J., Roman, N. V., Mwaba, K., & Ismail, K. (2018). The relationship between parenting and internalizing behaviours of children: A systematic review. *Early Child Development and Care*, 188, 1468-1486. doi:10.1080/03004430.2016.1269762.
16. Masud, H., Ahmad, M., Cho, K. W., & Fakhr, Z. (2019). Parenting styles and aggression among young adolescents: A systematic review of literature. *Community Mental Health Journal*. doi:10.1007/s10597-019-00400-0.

ӘОЖ 373.21

## ҒҰЛАМАЛАР ҒІЛМІ НЕГІЗІНДЕ БАЛАЛАРДЫ ІЗГІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

**Манапова Аружан**

[aruzhan.manapova.03@mail.ru](mailto:aruzhan.manapova.03@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»  
мамандығының

3 курс студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к, профессор Ф.Н.Жұмабекова

Мемлекет басшысы Ұлытау төріндегі алғашқы құрылтайдан бері өткен бір жылда елімізде конституциялық реформа жасалғанын, бұл өзгерістер мемлекеттігіміздің тұғырын бекіте түскенін, ұзақ мерзімге арналған демократиялық бағдарымызды айқындап бергенін атап өтті. Президент отаншылдық, адамгершілік, білімпаздық, нағыз маман болу, үнемшілдік, еңбекқорлық, ел мен жерге жанашырлық сияқты асыл қасиеттер бәрінен биік тұруға тиіскенін айтты. Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке ежетеді, құрметке ие болады. Ұлы Абай «Адал еңбекпен мал іздемек – арлы адамның ісі» деген. Ал арлы адам әділетсіздік жасамайды. Әр салада адалдық басты орында тұрса, әділ қоғам орнайды. Жемқорлыққа жол берілмейді, ел мүддесіне сай шешім қабылданады. Бір сөзбен айтсақ, қоғамдағы ізгіліктің бәрі адалдықтан бастау алады. Ендеше, Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары ел тірегі болатын егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруға тиіс, – деді Қасым Жомарт Тоқаев [1].

Жастардың бір-бірімен қарым-қатынасын орнықтыру, сүйіспеншілігін, дүниетанымын дамыту, соның негізінде адамгершілік, ізгілік, қасиеттерін жетілдіруді орыс, қазақ халқының мен ақын-жазушылары Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбердіұлы, А.Құнанбаев, Ш.Уалиханов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов. Шығыс ойшылдары: Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари. Қазақстанда мектепке дейінгі ұйымда ізгілікке тәрбиелеу жөнінде зерттеген ғалымдар: А.К.Меңжанова, Ұ.М.Әбдіғапбарова, Ә.С.Әмірова, Б.Баймұратова, Г.З. Таубаева, Р.Жұмағожина, Ш.Ахметов, М.Әлімбаев, В.П.Кәріпжанова, Р.К.Төлеубекова, А.Н.Көшербаева, Г.Шолпанқұлова және т.б. Ресейде балаларды ізгілікке тәрбиелеу жөнінде зерттеген ғалымдар: Р.С.Буре, Л.Ф.Островский, А.К.Бондаренко, А.И.Матусик, Р.И.Жуковский, А.В.Запорожец, Н.М.Козлово, Т.А.Куликова, И.Н.Курочкина, Ш.Амоношвили және т.б.

Ізгілік педагогикасының негізін қалаушы ғалым Шалва Амонашвили: «Өзін тұлға ретінде сезіну, адамгершілік нысаналарын іздеу, өмір мәнін және өмірдегі өз орнын таба алу – әрбір адам үшін бақытты болудың негізгі шарттары. Тек игілік, тыныштық, сүйіспеншілік, ізгілік, руханилық арқылы – педагогикалық сананы өзгертуге әкеле алады», – дейді

Әл-Фараби мұраларында ізгілік идеясына өте үлкен мән берген. Ұлы ғұлама өзінің “Бақытқа жету жолында” деген еңбегінде: “Тәрбие дегеніміз - халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерді дарыту” деп өзіндік тұрғыдан пайымдаған.

Ал “Әлеуметтік-этникалық трактаттар” атты шығармасында ізгілікке: “Жақсы мінез құлық пен ақыл күші болып біріккенде – бұлар адамшылық қасиеттері болып табылады,

қасиеттер дегенде біз әрбір нәрсенің игілікті жағы, соның өзінің және оның әрекеттерінің абзалдығында және жетілгендігінде деген мағынада айтамыз. Егер осы екеуі (жақсы мінез-құлық пен ақыл-күш) бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан жіне өз әрекеттерімізден абзалдық пен жетілгендікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгілік қасиеті мол, игілікті және қайырымды адам боламыз” деп анықтама береді [2].

Адамның моральдық сапа негіздері мектепке дейінгі балалық шағында қалыптасады. Мектепке дейінгі жылдарда бала ересектердің жетекшілігімен жақын адамдарымен, құрдастарымен, заттармен, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың, тәлім-тәрбие алудың бастапқы тәжірибесіне ие болады. Балалардың іс-әрекеттерін басқара отырып, тәрбиеші олардың бойында Отанын сүю, айналадағыларға ықыласпен қарау, шамасы келгенше оларға көмектесуге ұмтылу, дербес іс-әрекетте белсенділік және белгілі бір іске бастама көрсету сияқты адамның маңызды сипаттарын қалыптастырады. Дұрыс тәрбие балаларда теріс тәжірибе көбеюіне жол бермейді, баланың адамгершілік сапасының қалыптасуына қолайсыз әсер ететін мінез-құлықтағы теріс дағдылар мен әдеттердің дамуына кедергі жасайды.

Баланың тәрбиелеуде оның өмірінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ ізгілік сезімдерін қалыптастыру үлкен орын алады. Үлкендермен қарымқатынас жасау процесінде оларға үйір болу, оларды жақсы көру сезімі, олардың нұсқауларына сай әрекет жасауға, оларға қуантуға, жақын адамдарын ренжітетін қылықтар жасамауға ұмтылу пайда болады. Бала өзінің тентектік, қателік жасаған кездегі ренішті немесе наразылықты көргенде толқуды бастан кешіреді, ал өзінің жақсы қылықтарына жылы шыраймен қараса оған қуанып, жақын адамдарының ризашылдық білдіруінен рақат алады.

Ғұламалар ілімі адам капиталын дамытудың басты бағыты ретінде ұлттық ой сананы қалыптастыру, ұлттық дүниетанымды ғылыми негізде ұғыну, білім арқылы өркениет құндылықтарының дағдарысын еңсеріп, ұлттық ділі берік жас ұрпақты тәрбиелеуді көздейді. Халық педагогикасының озық дәстүрлері мен өркениеттік инновацияларды тоғыстыра отырып, жас ұрпаққа терең, рухани, пайдалы білім беру, олардың бойында мемлекетшілдік рухты дамытады.

Адамдар арасындағы жақсы қарым-қатынас, міндетті түрде жақсы нәтижелер береді. Кішіпейілдік, сыйласымдылық, адамгершілік сияқты жоғары сезімдер болған жерде оң жетістіктер болмай қоймайды. Балабақша бүлдіршіндерін рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе.

Ізгілік ұғымының тамыры тереңде жатыр. Әрбір елдің, тұтастай алғанда, барлық әлемдік қауымдастықтың болашағы жастарға тікелей байланысты. Ендеше, жастардың бойына адамгершілік, ізгілік қасиеттерді қалыптастыру, ұлттық тәлім-тәрбие негіздерінен қол үзбеу жас ұрпақтың рухани мәдениетін арттырып, көркемдік әлемін байытады.

Аса көрнекті ақын, данышпан, ойшыл, қоғам қайраткері Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанының маңызы зор. Жүсіп Баласағұн өзінің құнды мұрасында адамгершілікті, адалдықты, адамды сүюді жырлайды. Дастандағы негізгі идея – ел мүддесін ойлайтын адал басшының бейнесін көрсету арқылы әділетті қоғам орнату, мемлекетті дұрыс басқару, білімді игеру, ақылды, қанағатшыл және ізгілік, кісілік қасиеті бар тұлға тәрбиелеу. Дастанға тән ерекшелік – адамның кісілік қалпын сақтауы. Әр түрлі адамдар арасындағы қоғамдық мінез-құлық ережелерін, билеуші мен бағынушы арасындағы қарым-қатынас туралы баяндайды. Ұрпақтан ұрпаққа мұра боп қалған бұл дастанда қоғам туралы, адам баласының асыл қасиеті ізгілік туралы айырқша жырланады. Бойынан адалдық, ізгілік қасиеттер табылмаған адамдар өтірікші, қатыгез, өзімшіл, енжар, тоғышар, өркөкірек болады дейді.

Ойшыл ғалымның ойынша, егер адамда ізгілікке қарсы тұратын белгілерді жеңетін күш жоқ болса, онда ұнамды сапалар жойылады, жоғалып кетеді. Бұл құндылықтар мен олардың қарама-қарсылықтарының халықтық түсіндірмесі мыналар:

- біріншісі – ақыл, оны ашулану, өшігу күңгірттендіреді;
- екіншісі – достық, оны күншілдік бұзады;
- үшіншісі – ұят, оны тойымсыздық, ашкөздік жояды;
- төртіншісі – жақсы тәрбие оған нашар орта әсер етуі мүмкін;

- бесіншісі – бақыт, ал оны қызғаншақтық бүлдіреді [3].

Жүсіп Баласағұн «**Ізгілік ілімі**» - ізгілік - ар-ұжданның тазалығы, адамшылдық, қайырымдылық, мейірімділік, әділдік, шыншылдық, кішіпейілділік, имандылық т.б. қарапайым адамгершілік құндылықтарды тәрбиелейді. Адамның адами жетілуі мен кісілік кемелденуіне ерте жас кезеңінен негіз қалауды көздейді. Ізгілік тәрбиесі– тәлім-тәрбиенің ықпалды әсерімен адамгершілік сананы жаңартуды, этикалық қарым-қатынас мәдениетін, көркем мінезді қалыптастырады.

Қожа Ахмет Яссауи «**Хал ілімі**» - жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесінде шыншылдық пен әділдік, ақиқатшыл, адамгершілік қасиеттерді, кең пейілді, ізгі жан болуын талап етеді. Рухани тазалыққа, өзін-өзі меңгеруге қол жеткізіп, “Кемел адам” тұрпатының қарапайым дағдылары қалыптасады. Әділдік жолына түсу, адамның рухани өмірінің таза болуын, жас ұрпақты ізгі қасиеттерге, адамгершілікке үндейді.

Әл-Фараби «**Жан қуаты ілімі**» - тұтастықты, ақиқатты, ізгілікті, жаңа игілік көздерін іздестіруге қол жеткізеді. Баланың жан-дүние үндестігін сақтауды, тәрбие мен білім беруде отан сүйгіштік, патриотизм, еңбек мәдениеті, еңбек өмір сүрудің негізі, адамзат тіршілігінің табиғи шарты деп қарастырады. Бұл ілімде жүрекке шешуші мән-мағына беріліп, оны ізгілік, рақым, шапағат атаулының қайнар көзі, тұрар мекені деп біледі. Баланы шынайы, жүреппен жақсы көру, дұрыс әрекет ету, қиянат жасамау көзделеді.

Абай Құнанбаев «**Толық адам ілімі**» - ұлт бойындағы мейірбандық, жомарттық, «адамшылдық», «адамның адамдығы», «адам бол» т. б сияқты ізгі қасиеттерді әспеттейтін хакімнің ілімі жас ұрпақты теріс мінез-құлықтан арылтуға ықпал етеді. Осы ілімдегі «ыстық қайрат» - баланың физикалық дамуы, ерік-жігері, ішкі қуатты дамыту, «нұрлы ақыл» - білім, зияткерлік дамуы, «жылы жүрек»-әділет, нысап, ар-ұят, рақым, ізгілік, мейірімділік және психикалық дамуына терең мән беруді көздейді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы «**Ар ілімі**» - жас ұрпақтың бойына ар-ұждан, ұят, әділет, мейірім, адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл тағылым мен тәрбиенің тірегі болуын көздейді. Ар ілімінің аясында: жан, тән, көңіл, рух, ар, ұят, ұждан, ақыл, ой, сана, сезім, түйсік, парыз, борыш, намыс, жігер, қайрат, ынсап, қанағат, парасат, нәпсі, қайырым, рахым, мейірім, әділ, адал, халал, абырой, сабыр, талап, шын, дос, тату болу, жақын тарту, еңбек т.б. Ар-ұждан ғылымын енгізу сананы жаңғыртудың және білімді дамытудың дара жолы болып табылады [4].

Осы жазылған ілімдерді ойын арқылы тәрбиелеуге болады.

#### **№1 ойын**

Тақырыбы: Мейірімділік қоржыны

Мақсаты: Балаларды мейірімділікке тәрбиелеу

Міндеттері:

1. Балаларды мейірімділік қасиетімен таныстыру
2. Балалардың мейірім туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру
3. Үлкендерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу

Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға бүгін қандай жақсылық жасағандарын сұрайды.

Мейірімді іс-әрекеттер бар суреттерді бала өздерінің мейірімділік қоржындарына салады.

#### **№2 ойын**

Тақырыбы: Еркелету шеңбері

Мақсаты: Балалардың бір біріне деген ізгі ниеттерін ояту

Міндеттері:

1. Өзінің достарының атын атай білуге жаттықтыру
2. Баланың айналаны өзі танып білуге жағдай жасау
3. Басқа балалармен қарым қатынас жасай білуге үйрету

Ойын барысы: Балалар шеңберге тұрады. Бала допты екінші балаға лақтырады да, берген бала сол балаға еркелетіп атымен атауы керек.

#### **№3 ойын**

Тақырыбы: Жолаушылар

Мақсаты: Рухани-адамгершілік құндылықты қалыптастыру

Міндеттері:

1. Көмек көрсету ниеттерін қолдау

2. Балалардың қызығушылығын ояту, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Патриоттық сезімді ояту

3. Ересектерге көмек көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу

Ойын барысы: Балалар сюжеттік рөлді ойынды сомдайды. Бір бала жүргізуші, екінші бала үлкен ата немесе әже болады қалғандары жолаушылар. Үлкен кісі кіріп келгенде жолаушы бала орын беруі тиіс.

#### **№4 ойын**

Тақырыбы: Кішкентай көмекшілер

Мақсаты: Балалардың туыстық қатынастар туралы түсініктерін кеңейту

Міндеттері:

1. Балаларды жақын адамдарына көмектесу және оларға сүйіспеншілік беру керек екенін түсінуге жетелеу

2. Үйлесімді сөйлеуді, ойлауды дамыту.

3. Балаларды өз отбасындағы көмегі туралы айтуға үйрету

Ойын барысы: Балаларға ренжіген аю келеді. Ол анасымен ұрысып қалды, өйткені ойыншықтарын жинағысы келмеді. Енді ол анасымен қалай татуласу керектігін білмейді. Тәрбиеші: “Балалар сендерді жақын адамдарын ұрысқанда ренжейсіндерме? Өзіне жақын адамдарды жақсы көру керек, көмектесу керек. Үйдегі жақын адамдарына қалай көмектесесіңдер?” Балалар ата-анасына, атаәжесіне, бауырларына қалай көмектесетіндерін сиқырлы қорапқа айтады. Аю сиқырлы қорап үшін алғысын білдіріп, анасына көмектесу үшін, орманға аттанады.

Ізгілік тәрбиесі тек баланы тәрбиелеп қана қоймай, баланы тәрбиелеуші адамдарды да өзгертеді. Әр ата-ана мен педагогтың бойында "Ізгі ақыл" мен "Жылы жүрек" қалыптастырары анық. Әр адамның жүрегінде өмір сүретін ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық, қиянат жасамау деген мәңгілік құндылықтар күнделікті тіршілікте басты рөл атқарады. Ең басты ішкі тыныштықтың сақталуына қалған төрт құндылық қызмет жасайды. Халық даналығында "Адамның ішкі жан дүниесі тынышталса, оның отбасында да тыныштық болады. Отбасында тыныштық орнаса, қоғамда да тыныштық орнайды. Қоғам тыныш болса, мемлекетте тыныштық болады" деген пікір құр айтылмаса керек [5].

Осы орайда, жеке тұлғаға ізгілік тәрбиесін берудегі негізгі педагогикалық шарттар жүзеге асырылады.

Біріншіден, кешенді түрде отбасы мен балабақшаның бірлігі арқылы баланың дүниетанымын, мінез-құлқының жақсы жақтарын, білімге, еңбекке, өз-өзіне, басқаға қатынасын қалыптастыру.

Екіншіден, тәрбиеші мен ата-ана беделінің өз деңгейінде бағалануын сақтау, жеке тұлғаны жақсылыққа, қайырымдылыққа, мейірімділікке тәрбиелеуді мақсат ете тәрбие беру.

Үшіншіден, оқу-тәрбие жұмыстарының өмірмен тығыз байланысты болуына назар аудару, жеке тұлғаның қоғамдық ортада, ұжымдық қарым-қатынаста өзін-өзі ұстау дағдылары: ұстамдылыққа, бауырмалдыққа, өзара сыйластыққа баулу.

Төртіншіден, жеке тұлғаның құндылықты қабылдауында жас ерекшелігіне тығыз байланысты екенін назар аударып, оның мінез-құлқының дамуына тәрбие-білім дәрежесіне көңіл бөлу.

Бесіншіден, тұлғаның шығармашылық қабілетін дамыту барысында тұрақтылыққа, жігерлілікке еңбек нәтижесіне қол жеткізуге үйрету.

Алтыншы, жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін қалыптастыруда қоршаған ортаға, еңбекке қызығушылығын арттырып, ойлауын, қиялын жетілдіруді көздеу.

Осы орайда, мектепке дейінгі ұйымдарда балаларға рухани-адамгершілік тәрбие беру күнделікті оқу қызметі барысында білім саласының барлық бөлімдерімен кіріктіріле жүзеге асырылуда.

Оқу қызметінің басында қолданылатын әдістемелік тәсіл - "Шаттық шеңберінің" педагогикалық мәні зор. Әр бала өзіне таныс үлкен достық шеңберіне қабылданғанын сезінеді, өзіне сенімі артып және өзгелердің де сеніміне ие болады.

Ал, "Өзіммен-өзім" тәсілі баланың өзін және өзінің жүрегін тыңдай білуіне, эмоциясының, жалпы рефлексияға қабілеттерінің дамуын ынталандырады, әрі бұл тәсіл материалды жаңадан түсіну барысында пайдаланылады. Осы мақсаттарды жүзеге асыру барысында педагогтың сөзімен қатар, сондай-ақ аудиоқатарлар (классикалық музыка, табиғат дауыстары және т.б.) қолданылады.

"Жағдаяттар кезінде ойлану"- бала-лардың нақты өмірлік жағдаяттарды бағалай білу қабілеттерін дамытуға, өзінің ойы мен ісіне, әрекеттеріне жауапкершілігін қалыптастыруға ықпал ететін әдістемелік тәсіл. "Бейнематериалдар көру" (фильмнен, мультфильмнен, үзінділер және т.б.) - оқу ақпараттарын жеткілікті көрнекілік нысанда ұсынуға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсіл. Айқын көркем бейнелер балалардың өтілген материалдардың мазмұнын қабылдауы мен меңгеруін күшейтеді.

"Сергіту сәті"- шаршағанды ұмыттыруға, жалығуды болдырмауға, денеге түскен күшті төмендетуге қажетті өзін-өзі тану сабақтарының компоненті. Сергіту жаттығулары бір әрекеттен басқа әрекетке ауысуға бағытталған қысқа ойындар түрінде жүргізіледі. Осы тәсілді қолдану топта жақсы көңіл-күй тудырады, ұқыптылықты, реакция жылдамдығын дамытады, ұжымға топтасуға ықпал етеді.

"Жақсылық жасап жарысайық"- әдетте, оқу қызметін аяқтайтын, бір-бірімен пікір алмасу, бір-біріне тілек айтуды қарастыратын және педагогтың әрбір баланың эмоционалдық жайкүйін, олардың тақырыпты түсіну дәрежесін анықтауына мүмкіндік туғызатын әдістемелік тәсіл.

Жас ұрпақты ізгілікке тәрбиелеуде қазақ халық педагогикасы материалдарын күнделікті күн тәртібі барысында тұрақты тиімді пайдалану қажет. Халық педагогикасын пайдалана отырып ұрпақ тәрбиелеудегі тағылымдарын: ұлттық салт-дәстүрді, өнерді дәріптейтін, ана тілі мен дінін қадірлейтін, Отанын, елін, жерін сүйетін, жан-жақты жетілген, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Әр ұлттың өзіне тән тәрбиені жас бүлдіршіндердің бойына сіңіріп білім, білік дағдыларын дамыту, сөйтіп дене еңбегіне де, ой еңбегіне де қабілетті, жан-жақты жетілген азамат етіп шығару. Ол басқа тәрбие түрлерімен қатар жүргізіліп, балалардың қайрат-жігерін, ақыл-ойын халықтың өнер туындылары негізінде тәрбиелеу арқылы іске асырылады.

Ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде бала денсаулығы мен денесінің жетілуі жөніндегі қамқорлық ақыл-ой мен еңбекке дайындық, саналы адамгершілік-эстетикалық тұрғыда бағыттау, мінез-құлықты реттеу, өзін өзі тәрбиелеу мен қайта тәрбиелеу, яғни тұлға қалыптастырудың бүкіл жетекші бағыттарын қамтиды. Қазақ халқының салт дәстүрлері мен әдет ғұрыптары, тұрмыстық бұйымдары мен қолөнері, музыка т.б. тәрбиенің тірегі болады.

Отбасы құндылықтарын қалыптастыруда баламен қарым-қатынасты өзгерту. Сөз анасы-сәлем. Сәлемдесу әдебі. Ассалаумағалейкум – уағалейкумассалам, армысыздар (ресми түрде), амансыздар ма, мал-жан аманба, сәлеметсіздер ме т.б. Сыйластық. сыпайылық, әдептілік, имандылық т.б. Жас ұрпақты үлкенге де кішіге де «сіз» деп сөйлеуге дағдыландыру. «Сыйлағаннан не пайда, Сізді қойып сен десе» – дейді Бұхар жырау. Балаға ата-ананың қарым-қатынасы: боташым, ботақаным, құлыншағым, балапаным, қоңыз қозым, шырағым, қарағым, қарғам, айналайын, айнама т.б. Бұл сөздерде сыйластық, құрмет бар. Баланы қазіргі өмірге бейімдеу. Киім кию үлгісі, тамақтану әдебі, құрбыластарымен, үлкендермен өзара қарым-қатынас т.б.

Қорытындылай келе, Ізгілік - адамның рухани арқауы. Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ғана ардақталады. Ал, қоғамдағы ізгілік тәрбиесі - адамгершілік сезімді, ұлттық сананы, парасатты мінез-құлық дағдыларын қалыптастырып, жетілдіруде жалпыадамзаттық құндылықтарды тиімді пайдалануға бағытталған жалпыадамзаттық тәрбиенің бір бөлігі. Сондықтан бүгінгі таңда оқу-

тәрбие үдерісінің басты мақсаты - ақылды да әдепті, жан-жақты жетілген, адамгершілігі мол жас ұрпақ өкілдерін тәрбиелеу болып табылады.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. ҚР Президентінің “Ұлттық құрылтай” атты халыққа жолдауы, 17 маусым, 2023ж.
2. Әл-Фараби, Философиялық трактаттар. - А.,1972.
3. Өзін-өзі тану: Хрестоматиялық жинақ / А. Омарбекова, Ф. Жұмабекова. – Астана: Фолиант, 2018. – 416 б.
4. Жұмабекова Ф.Н. «Өркендеу» бағдарламасы
5. Педагогикалық журнал «Балабақша және отбасы», 2016 жыл.

ӘОЖ 371.21

## **ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ**

**Менлибаева Жулдиз Шахриддинқизи**

zhuldyz.menlibayeva@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты, Астана  
Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к., доцент Байсарина С.С.

Қазіргі әлемде барлық балалар үшін білім берудің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету мәселелері ерекше өткір тұр. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды құрдастарымен бірге жалпы білім беру процесіне біріктіруді көздейтін инклюзивті білім беру бұл мәселені шешудің ең тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады. Бастауыш сыныптарда инклюзивті тәжірибелерді енгізу әсіресе өзекті болып табылады, онда баланың болашақ дамуына негіз қаланады, оның әлеуметтік дағдылары мен әлемге көзқарасы қалыптасады.

Бұл тақырыпты зерттеудің өзектілігі білім беру жүйелерін дамытудың жаһандық тенденцияларына ғана емес, сонымен қатар бастауыш мектепте оқытудың ерекшеліктеріне де байланысты, мұнда басты назар әр балаға жеке көзқарасқа, оның қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеруге аударылады. Бұл тұрғыда инклюзивті білім беру дәстүрлі оқыту жүйесіне балама ретінде ғана емес, сонымен қатар ашық, толерантты қоғамның қалыптасуына ықпал ететін заманауи білім беру процесінің қажетті элементі ретінде әрекет етеді.

Бұл зерттеу бастауыш білім беруді барлық балаларға, соның ішінде арнайы білім беру қажеттіліктері барларға қалай қолжетімді және тиімді ету керектігін терең түсінуге бағытталған. Біз инклюзивті білім берудің негіздерін түсінуге және студенттерге іс жүзінде қалай қатысуға және қолдау көрсетуге көмектесуге болатынын білуге тырысамыз. Сәтті мысалдарды талдау және мұғалімдердің тәжірибесін жинау арқылы біз барлық балаларды бірге оқыту міндетін өз мойнына ала отырып, мектептердің алдында тұрған мәселелерді анықтап, шешімдерін ұсынғымыз келеді. Негізгі мақсат-мұғалімдерге, психологтарға және мектеп әкімшілігіне оқу процесін әр балаға инклюзивті және түсінікті етуге көмектесетін ұсыныстар жасау.

Инклюзивті білім беру, бұл барлық балаларға, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктерін сезінетіндерге білім беру ресурстарына тең қол жетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған оқыту стратегиясы, қазіргі білім беру тәжірибесінде басты орын алады. Бутлер мен Коваленконың пікірінше, инклюзивті білім берудің негізгі принциптері оқушылардың әртүрлілігін құрметтеуді, оқуды дараландыруды және әр баланың дамуына ықпал ететін қолдау көрсететін білім беру ортасын құруды қамтиды [1].

Тарихи тұрғыдан алғанда, инклюзивті білім беру тұжырымдамасы айтарлықтай даму жолынан өтті. Сәйкес Шмидт және Уолтер , 1970 жылдары мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғау қозғалысынан басталды, бұл біртіндеп оқушыларды ерекше білім беру